

Жамбыл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 58/3 "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Преснов ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2021 жылғы 4 мамырдағы № 4/6 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 6 мамырда № 7396 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 104, 106, 109-1-баптарына және 111-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жамбыл ауданы мәслихатының "2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Преснов ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 58/3 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7062 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021-2023 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы Преснов ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2021 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 171 275,1 мың теңге:

салықтық түсімдер – 18 362 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 0 теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

трансферттер түсімі – 152 913,1 мың теңге;

2) шығындар – 177 363,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -6 088 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 6 088 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланатын қалдықтары – 6 088 мың теңге.";

6-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. 2021 жылға арналған ауылдық округ бюджетінде облыстық бюджеттен кентішілік жолдарды орташа жөндеуге – 36 133 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер ескерілсін.";

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Ауылдық округтің шығыстары 2021 жылғы 1 қаңтарда қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен қарастырылсын, соның ішінде:

- 1) Пресновка ауылында жастар саябағын жайластыруға – 4 131 мың теңге;
- 2) қоқысты шығаруға – 600 мың теңге;
- 3) қоқыс жәшіктерін әзірлеу үшін – 757 мың теңге;
- 4) қоқыс тастайтын жерді үймелеуге – 600 мың теңге.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес шешім 4 қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Жамбыл ауданы мәслихаты
сессиясының төрағасы

В. Волков

Жамбыл ауданы мәслихатының хатшысы

Л. Топорова

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы мәслихатының
2021 жылғы 4 мамырдағы
№ 4/6 шешіміне 1 қосымша
2021 жылғы 8 қаңтардағы
Жамбыл ауданы мәслихатының
№ 58/3 шешіміне 1 қосымша

2021 жылға арналған Преснов ауылдық округінің бюджеті

Санаты	Сыныбы	Кішкі сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
			1)Кірістер	171 275,1
1			Салықтық түсімдер	18 362
	01		Табыс салығы	3 084
		2	Жеке табыс салығы	3 084
	04		Меншікке салынатын салықтар	15 278
		1	Мүлікке салынатын салықтар	370
		3	Жер салығы	973

		4	Көлік құралдарына салынатын салық	13 935
4			Трансферттер түсімі	152 913,1
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	152 913,1
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	152 913,1
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	177 363,1
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	44 824
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	44 474
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	44 474
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	350
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	26 179
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	26 179
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	16 826
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1 400
		010	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	200
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	7 753
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	6 498
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 498
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	6 498
12			Көлік және коммуникация	90 074,1

	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	90 074,1	
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	22 966,1	
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	67 108	
13			Басқалар	9 788	
	124		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	9 788	
		040	Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	9 788	
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0	
			Бюджеттік кредиттеу	0	
Санаты		Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама		Атауы	Сомасы (мың теңге)
				4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
				Қаржы активтерін сатып алу	0

Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-6 088
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	6 088
7			Қарыздар түсімдері	0
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	0
Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
16			Қарыздарды өтеу	0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0
		056	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	0
Санаты	Сыныбы	К і ш і сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	6 088
	1		Бюджет қаражаты қалдықтары	6 088
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	6 088

шешіміне 2 қосымша
2021 жылғы 8 қаңтардағы
Жамбыл ауданы мәслихатының
№ 58/3 шешіміне
4 қосымша

2021 жылға арналған Преснов ауылдық округі бюджетінің шығыстары 2020 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) 2021 жылғы 1 қаңтарға қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары есебінен

Кірістер:

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	6 088
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	6 088
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	6 088
Барлығы:				6 088

Шығыстар:

Функционалдық топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5
07			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	6 088
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	6 088
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	600
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5 488
Барлығы:				6 088